



ҚҰҚЫҚТЫҚ ІСТЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КОМИССИЯСЫ

СЕГІЗІНШІ ОТЫРЫСЫ

ТҮРКПА-ҒА МҮШЕ ЕЛДЕР АРАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУ: COVID-19 ПАНДЕМИЯСЫНЫҢ ӘСЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАР

ҰСЫНЫМДАР

Парламенттік Ассамблея:

Туризм секторының мүше елдер үшін перспективалы экономикалық инфрақұрылым болып табылатындығын *мойындай отырып*;

Мәдениеті, өркениеті және тарихы ортақ мүше елдер арасында туристік желіні дамыту қажеттілігін *баса айтып*;

Елдердің тарихи-мәдени мұраларын сақтау және оларды әлемнің назарына паш ету үшін туризмге ашу маңыздылығының *астын сызып*;

Елдер арасы тікелей рейстерді қамтамасыз ету секілді ұйымға мүше елдер арасында көлік және тасымалдау құралдарын дамыту, аймаққа туристерді жіберу және ел ішіндегі туристік аймақтарға қол жетімділікті жақсартудың маңызды шара болып саналатынын *ескере отырып*;

Мүше елдердегі туризм туралы барлық ақпаратқа шектеусіз қол жетімділіктің қажеттілігіне *назар аудара отырып*;

Әсіресе COVID-19 індеті кезеңінде мүше елдер арасындағы сауықтыру туризмінің маңыздылығын *мойындай отырып*;

Covid-19 пандемиясының мүше елдердегі туризм секторына кері әсерін *ұғына отырып*;

COVID-19 пандемиясының салдарынан мүше елдер арасындағы туристік шаралардың қажетті деңгейде емес екенін *мойындай отырып*;

Мүше елдер арасындағы туризмге қатысты үлкен әлеуетті *қабылдай отырып*;

Мүше елдер арасында туризм саласындағы мәселелерді шешудің жолдарын іздеу мақсатында бірыңғай саясатты әзірлеуге өзінің міндеттілігін *растай отырып*;

ТүркПА-ға мүше елдердің парламенттеріне төменгі іс-шараларды **ұсынады**:

- барлық басқа секторларды, мүдделі тараптарды және әлеуметтік-экономикалық қызметті туристік құндылықтар тізбегіне тарту арқылы ТүркПА-ға мүше елдерде туризмді дамытудың жалпы стратегиясы мен іс-қимыл жоспарын;
- өзара туристік ағымды арттыру және үшінші елдерден туристерді тарту мақсатында тиісті механизмдерді;
- жарнамалаудың жалпы стратегияларын және туризмді алға жылжыту жөніндегі күш-жігерлерін жеделдетуді;
- тұрақты туризм шеңберінде туристерді қызықтыра алатын баламалы туризм нұсқаларын;
- *дамыту*;
- туристік кәсіпорындарды саны мен сапасы жағынан жақсы деңгейге жеткізу және осы мақсатта мемлекет тарапынан жеңілдіктер беру арқылы институционалдық әлеуетті *нығайту*;
- турист ағымын арттыру мақсатында халықаралық туроператорларды *ынталандыру және қолдау*;
- туристтердің санын арттыру мақсатында көлік-тасымалдау және қонақүй мен мекендеуге қатысты қол жетімді бағаларды *ұсыну*;
- Түркітілдес елдер арасында тікелей рейстер *орнату* және бар рейстер санын көбейту;
- туризм секторына қажет білікті мамандарды даярлауды *қамтамасыз ету*;
- туризм секторы өкілдері арасында ақпарат және тәжірибе алмасу тетіктерін *құру*;
- мүше елдерде ұйымдастырылатын туристік іс-шараларға тиісті мүдделі тараптардың өзара қатысуын *ынталандыру*;
- туризм саласындағы COVID-19 әсерін азайту жөніндегі шараларды жақсы үйлестіру мақсатында ұлттық туризм ұйымдары мен денсаулық сақтау, көлік және иммиграция саласындағы мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастықты *алға тарту*;
- деректерді қорғай және құпиялылықты сақтай отырып, туристік кәсіпорындарда пайдалану үшін мүше елдердегі COVID-19 пандемиясы

туралы тиісті деректерді, соның ішінде вакцинация процесін қамтитын мәліметтер базасын құру;

- туризм саласы үшін цифрлық технологияларды қолдану, маркетингтік күш-жігерді үйлестіру және бірлескен туризмді алға тарту бағдарламалары арқылы ұлттық және аймақтық туристік мүмкіндіктерді арттыру, бизнес пен тұтынушылардың сенімін арттыру үшін салалық мүдделі тараптармен байланыс орнату, туризм секторын ынталандыру үшін креативті және инновациялық шешімдер іздеуді қамтитын COVID-19 індетінен кейінгі қалпына келтіру жоспарын жасау және жүзеге асыру,
- **Қауіпсіз туризм бойынша**
- Covid-19 пандемиясы салдарынан туындаған қиындықтарды еңсеру мақсатында «Қауіпсіз туризм» стратегиясын әзірлеу. Осы тұрғыда стратегияның мүше елдердегі туризм саласында, әсіресе халықаралық туристік ағымдарда жүзеге асыруды қамтамасыз ету, аталған стратегияның нұсқауларына сәйкес келмейтін туристік кәсіпорындардың жұмысына жол бермеу.